

**«№10.Есімов атындағы жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Педагог-психологтың жылдық есебі
2022-2023 оқу жылы**

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің іске асуы мен негізгі міндеттері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу принциптері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен негізделеді.

Психологиялық қызметте 2022-2023 оқу жылына жылдық жоспар құрылып, толықтай жүзеге асырылды.

Психологиялық қызметтің мақсаты - білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы тандауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- 1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
- 2) оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
- 3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;
- 4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- 5) жана әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;
- 6) білім беру процесіне қатысушыларға, олардың жеке құқықтарына қысым жасамай, өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарын тәрбиелеу мен қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады;

- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оларды әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 9) білім беру ұйымының алқалы органдарымен және білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер мүдделі органдарымен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

Қыркүйек айындағы жүргізілген диагностика бойынша 1-сыныптарға Оқушының мектепке психологиялық дайындығын зерттеу; Жүргізілетін әдістеме: «**Керн-Йирасек**» тесті 1) Адамның суретін салу; 2) Сөздер көшірмесі; 3) Нүктелер көшірмесі және бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу; Жүргізілетін әдістеме: «**Менің сыныбым**» әдістемесі жүргізілді.

Қазан айындағы жүргізілген диагностика бойынша Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау Жүргізілетін әдістеме: DASS шкаласы /7-11 сынып/, HCB-10 тесті /5-6 сынып/ жұмыстары жүргізілді.

Қараша айындағы жүргізілген диагностика бойынша Оқушының психологиялық саулығын бағалау шкалалары бойынша Эссе: «Өзіңді макта» /5 сынып/

«Менің армандарым» /6 сынып/ «Менің өмірім» /7 сынып/ «Менің айтылмаған сырларым» /8 сынып/ «Мен өзгерткім келеді» /9 сынып/ «Мен таңдаған өмір» /10- сынып/ «Болашаққа хат» \ 11-сынып \ эсселері алынды.

Желтоқсан айындағы жүргізілген диагностика бойынша бойынша 2-4 – сыныптарға Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау (зейін, ес, қиял, ойлау т.б) жұмыстары жүргізілді.

Қаңтар айындағы жүргізілген диагностика бойынша 1-сыныптарға Темперамент анықталып, 9-11- сыныптар бойынша Кәсіби бағдарға байланысты сауалнама қою жұмыстары жүргізілді.

Наурыз айындағы жүргізілген диагностика бойынша Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау бойынша Жүргізілетін әдістеме: DASS шкаласы /7-11 сынып/ HCB-10 тесті /5-6 сынып/ жұмыстары жүргізілді.

Қазан айындағы жүргізілген түзету дамыту жұмыстары бірінші сынып оқушыларын мектеп өміріне бейімделуіне психологиялық сабақ: 1. «**Кел танысайық**» тренингі, бесінші сынып оқушыларын бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі бейімделуіне психологиялық сабақ: 1. «**Бірінші рет 5 сыныпқа**» тренингі, Мектеп бітіруші 11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға және мамандық таңдауға педагогикалық-психологиялық бағытта психологиялық сабақ: 1. «**ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?**» жұмыстары жүргізілді.

Қараша айындағы жүргізілген түзету дамыту жұмыстары 3-сыныптарға «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» түзету – дамыту жүргізілді.

Желтоқсан айындағы жүргізілген түзету дамыту жұмыстары «Алақай мен оқушымын» тренингі, «Менің мектептегі сезімім» тренингі, «Кәсіптік бағдар: Кім болғым келеді?» тренингі 10-сыныптарға «Ашу-ыза билегенде не істеу керек?» ,8-9 сыныптарға «Күйзелістен қалай арылуға болады?» жүргізілді.

Қаңтар айындағы жүргізілген түзету дамыту жұмыстары 6-сыныптарға «Реніштен арылу», 8-сыныптарға «Ой, сезім, мінез-құлық», 2-4 сыныптарға Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін түзету- дамыту жаттығулары жүргізілді.

Ақпан айындағы жүргізілген түзету дамыту жұмыстары 7-сыныптарға «Өтініш және менің оған деген қарым-қатынасым»,9-сыныптарға «Менің құқықтарым» жүргізілді.

Наурыз айындағы жүргізілген түзету дамыту жұмыстары

1-сыныптарға «Біздің сынып-бұл біз» тренингі, 5-сыныптарға «Мен өзімді мақтай аламын» тренингі,11-сыныптарға «Емтихан кезіндегі стресстен қалай арыламыз?» тренингі жүргізілді.

Сәуір айындағы жүргізілген түзету дамыту жұмыстары 10-сыныптарға «Қиын жағдайлардан не үйреніміз?» жүргізілді.

Мамыр айындағы жүргізілген түзету дамыту жұмыстары 1-сыныптарға . «Мектептегі көңіл-күй» тренингі,5-сыныптарға «Реніштен арылу» тренингі,11-сыныптарға «Толеранттылық (төзімділік) деген не?» тренингі жүргізілді.

Профилактика және психологиялық ағарту жұмыстары бойынша қыркүйек айында «Балалар үшін бірігейік» сынып жетекшілерді ақпараттандыру, жаднама тарату және 5-11-сынып жетекшілеріне жиналыс өткізілді.

Профилактика және психологиялық ағарту жұмыстары бойынша қараша айында Жеткіншектердің психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту.

«Менің психологиялық денсаулығым» дәріс сабағы 7-8-сыныптарға жүргізілді.

Профилактика және психологиялық ағарту жұмыстары бойынша желтоқсан айында Қыз балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізу 7-10-сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды.

Профилактика және психологиялық ағарту жұмыстары бойынша қаңтар айында «Репродуктивті саулық. Оны сақтау дағдылары» 8-10 сынып оқушыларына дәріс және кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Профилактика және психологиялық ағарту жұмыстары бойынша ақпан айында

Психологиялық апталық: «Психология әлеміндегі мен...»1- 11 – сыныптар,ата-ана ,мұзғалімдер апталық жүргізілді. Ер балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізу 7-10- сынып оқушыларымен дәрігерлер кездесу ұйымдастырылды. 5-9 –сынып

психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізу 7-10- сынып оқушыларымен дәрігерлер кездесу ұйымдастырылды. 5-9 –сынып оқушылары арасында «Stop bullying: Бәрі сенің қолыңда! 3-күндік акция жүргізілді.

Консультация беру бойынша қыркүйек айында 1-5 сыныпқа жүргізілген диагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша кеңес беру бойынша сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне кеңес берілді. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдері, ата-аналарға психологиялық сүйемелдеу пән мұғалімдеріне және ата-аналарына кеңес берілді. Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша анықталған оқушылармен сұхбат жүргізу, «Жоғарғы қадағалау тобына» алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізіп, ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы маманға жолдау, сұраныс (сынып жетекшісі, пән мұғалімі, ата-ана) негізінде жеке және топтық кеңес беруі бойынша 1-11-сынып оқушыларына және ата-аналарға сонымен қатар пән мұғалімдеріне кезінде кеңестер беріліп отырды.

Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс бойынша қыркүйек айында 1-11 – сынып ата-аналарымен келісім параргын жинақталып алынды. Психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, өткізілетін психологиялық түзету-дамыту сабақтарына ата-аналар рұқсатын алу. **Ата – аналар жиналысы «Балалар үшін бірігейік»** ата-аналарды ақпараттандыру жиналысы тоқсанына 1 рет жаднама тарату жиналысы өткізілді **Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу»** тақырыбында мектеп иістпекторы, мектеп аяжаны, емхана психологі маманмен бірлескен жиналыс ата-аналармен тоқсанына 1-рет жүргізілді. **Ерте жүктілік 5-11- сынып оқушыларына медбикелерімен бірлесіп тоқсанына 1 рет жиналыс жүргізілді. Онлайн ойындар 1- 11 сынып оқушыларына әдістемелік жұмыстар ұйымдастырылып жұмыстар жүргізілді,** Психологиялық қызмет отырысын үйлестіру үйде оқытылатын мүмкіндігі шектеулі оқушылардың ата-аналарымен пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек берілді.



Мектеп директоры М.Са

Б.Бухарбаев.

Педагог –психолог

Ширинбекова Ж.Л